

Қызметіміздің жалпы қағидаттары

НКОК Н.В.





Қызметіміздің жалпы қағидаттары



НКОК Н.В. ҚЫЗМЕТІНІҢ ЖАЛПЫ ҚАҒИДАТТАРЫ:

«Норт Каспиан Оперейтинг Компани Н.В.» («НКОК») компаниясы қызметін іскерлік әдеп стандарттарын және мүдделі тараптар алдындағы жауапкершілікті нақты айқындайтын жалпы құндылықтар мен қағидаттар негізінде жүзеге асыруда.

Қызметіміздің осы Жалпы қағидаттары жұмысымызды орындау барысында басшылыққа алынатын негізгі қағидаттарды белгілейді. Мүдделі тараптардың барлығы, соның ішінде жабдықтаушылар мен мердігерлер осы қағидаттарға құрметпен қарап, оларды сақтаулары тиіс.

ДЕНСАУЛЫҚТЫ, ЕҢБЕКТИ, ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Біз қызметкерлеріміз бен мердігерлеріміз денсаулығы мен еңбек етуі үшін қауіпсіз жағдайлар жасауға ұмтыламыз.

Біз қоршаған ортаны қорғау үшін жауапкершілігімізді сезінеміз.

Біз қоршаған ортаға әсерді азайтуға және табиғат қорғау шараларын жетілдіруге бағытталған тиісті әдістер мен технологияларды қолданудамыз.

ЭКОНОМИКА

Ұзақ мерзімді пайдалылықты қамтамасыз ету іскерлік мақсаттарымызға жетудің және акционерлеріміз бен Қазақстан Республикасы үшін тиімді жағдайлар туғызудың елеулі факторы болып табылады.

Инвестициялау немесе қаржы бөлуден бас тарту жөнінде шешім қабылдау кезіндегі критерийлер ретінде тұрақты даму мүмкіндіктері мен тәуекелдерді бағалау нәтижелерін ескереміз.

Біз қолданылып жатқан бәсекелестік туралы заңнама шеңберінде әділ және әдепті бәсекелесуге ұмтыламыз.



ІСКЕРЛІК ӘДЕП НОРМАЛАРЫН САҚТАУ

Біз қызметіміздің барлық аспектілерінде де адалдық, адамгершілік және әділдік қағидаттарын ұстанамыз және бізбен іскерлік қарым-қатынас жасаушы тұлғалардан да осы жолды ұстануды талап етеміз.

Біз қандай да бір түрде тікелей немесе жанама әдіспен пара ұсыну, беру, бопсалау немесе алу амалдарын мүлде құптамаймыз және ондай қылықтарға үзілді-кесілді қарсымыз.

Біз қызметкерлерімізден жеке шаруалары мен НКОК компаниясындағы кәсіби қызметтері арасындағы мүдделер қайшылығынан аулақ болуды талап етеміз. Мүдделер қайшылығы болуы мүмкін немесе іс жүзінде бар қызметкерлердің барлығы бұл туралы НКОК компаниясына хабарлаулары тиіс.

Біз белгіленген процедуралар мен келісімдерге сәйкес қаржылық есептерінде барлық іскерлік операцияларды анық, уақтылы және адал ниетпен көрсетеміз.

ҚҰҚЫҚТЫҚ НОРМАЛАРДЫ САҚТАУ

Біз қызметімізді атқарып жатқан елдерде қолданылатын заңдар мен нормативтік актілердің барлығын сақтаймыз.

ЖЕРГІЛІКТІ ҚОҒАМДАСТЫҚТАР

Біз жергілікті мәдениетке және жергілікті қоғамдастықтарға құрметпен қараймыз.

Біз қызметімізді жүргізетін өңірлерде жергілікті қоғамдастықтар үшін экономикалық мүмкіндіктер тудырамыз.

Жергілікті қоғамдастықтардың бастамаларын қолдай отырып, әлеуметтік-экономикалық даму мен білім беру саласын дамытуға қатысудамыз.

ХАБАРЛАУ

Біз барлық қызметкерлерімізден НКОК компаниясының барлық мүдделі тараптарға ашық та толық ақпарат беруді қамтамасыз етуге мүмкіндік беретіндей адалдық пен ашықтықты күтеміз.

Біз жұмысымыз туралы хабардар болуға және тиісті ақпарат алуға толық құқылы мүдделі тараптарға сол ақпаратты ұсынуды міндетіміз деп санаймыз, алайда бұл ретте заңды басым құқыққа ие іскерлік құпиялылық ережелерін ескереміз.

Қызметкерлерімізбен, серіктестерімізбен және жергілікті қоғамдастықтармен қарым-қатынасымызда көтерілетін мәселелерге көңіл бөлуге және оларға дұрыс және бар жауапкершілікпен ден қоюға тырысамыз.

